**Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және өткізуді, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтермелі өткізуді лицензиялаудың қағидалары**

***Күшін жойған***

Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет 1998 ж. 12 маусымдағы N 5 Бұйрық. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1998 жылғы 2 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 532. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 471 бұйрығымен.

-----------Күші жойылды------------

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын...

Министр

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2004 жылғы 30 желтоқсандағы
N 471 бұйрығына қосымша

Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілер тізбесі

3. "Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және өткізуді, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтермелі өткізуді лицензиялаудың қағидалары" Алкоголь өнімінің өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті Төрағасының 1998 жылғы 12 маусымдағы N 5 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 532 болып тіркелген)...

----------------------------------

**1. Жалпы ережелер**

1. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және өткізуді, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтерме саудамен өткізуді лицензиялаудың осы Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 ж. 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ "Лицензиялау туралы" Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 31 шілдедегі N 1195 P971195_ қаулысымен бекітілген, Этиль спиртін және

алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және өткізуді, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтерме саудамен өткізуді лицензиялаудың Тәртібі мен ережелеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 26 мамырдағы N 882 P970882_ қаулысымен бекітілген, алкоголь өнімінің өндірісіне және айналысына бақылауды қамтамасыз ететін органдардың өзара іс-қимыл тәртібіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 14 ақпандағы N 217 P970217_ "Қазақстан Республикасында этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруді, импорттауды және өткізуді реттеу жөніндегі шаралар туралы " қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 15 қаңтардағы N 68 P970068_ "Акцизделетін өнімді өндіруден және өткізуден қаражаттардың бюджетке түсуін бақылауды күшейту жөніндегі қосымша шаралар туралы" қаулысына сәйкес әзірленді және этиль спиртін және алкоголь өнімін өндіруді лицензиялау, этиль спиртін сақтау және өткізу, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау және көтерме саудамен өткізу жөніндегі жұмыстарды жүргізудің тәртібін, лицензиялар берудің тәртібі мен ережелерін белгілейді.

2. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және өткізуді, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтерме саудамен өткізуді лицензиялау этиль спиртінің және алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналысын мемлекеттік реттеу, тұтыну рыногын сапалы өніммен қамтамасыз ету, мемлекеттің, өндірушілердің мүдделерін және тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында жүзеге асырылады.

3. Лицензиялау кезінде алкогольді өнімдерді және этиль спиртін сәйкестендіру Достастыққа мүше мемлекеттер Үкіметтерінің 1995 ж. 3 қарашадағы Келісімінде қабылданған, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының сыртқы экономикалық қызметінің Біркелкі Тауарлық номенклатурасына (СЭҚ ТН) сәйкес жүргізіледі.

4. Лицензиялауға СЭҚ ТН-2203, 2204, 2205, 2206, 2207, 2208 кодтары бойынша этиль спиртін және алкогольді өнімдерді бөліп құюды, сақтауды және өткізуді қамтитын өндіріс жатады.

**2. Айқындама**

5. Осы тәртіпте және лицензиялау кезінде мынадай ұғымдар мен айқындамалар қолданылады:

1) Лицензиар, Комитет - Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет;

2) Лицензиар - этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіру саласындағы іс-әрекетін лицензиялау негізінде жүзеге асыратын заңды немесе жеке тұлға;

3) Өтінішкер - лицензия алу үшін құжаттарды белгіленген тәртіппен тапсырған шаруагер субъект;

4) Кәсіпорын - "ҚазАлкоОрталық" республикалық мемлекеттік кәсіпорыны;

5) 131-67 ГОСТ бойынша тамақтық шикізаттан алынған этилді спирт - этилді шикізат-спирті, 5962-67 ГОСТ бойынша ректификтелген, 10.04.05.38-88 ТУ бойынша коньяктік, 10.04.05.51 ТУ бойынша жүзімді спирт, 9182-349-05031531-96 ТУ бойынша этилді жүзімді шикізат спирт және ректификат, 10-05031531-3343-93 ТУ бойынша этилді жемісті шикізат спирт және ректификат;<*>

6) 38/402-62-117-90 ТУ бойынша тамақтық емес шикізаттан алынған этилді спирт - этилді синтетикалық техникалық спирт, 18300-87 ГОСТ бойынша этилді ректификтелген техникалық спирт, 17299-78 ГОСТ бойынша этилді техникалық спирт;<*>

7) 5963-67 ГОСТ бойынша ішетін этилді спирт - жоғары дәрежеде тазартылған, жұмсақ су қосылған, сүзгіден өткізілген және белгілі уақыт ұсталған этильді ректификтелген спирттің 95%-тік қоспасы;<*>

8) Алкогольді өнім - арақ, ликерлі-арақ өнімдері, коньяктар (брендилер), виски, ром, кальвадостар, жүзім және жеміс-жидек шараптары, сыра және этиль спиртінің көлемдік үлесі, тамақ шикізаты жасалған, көлемінің 1,5 % аса өзге де тамақ өнімдері;<*><*>

9) Арақ - күші 38-45, 50 және 56 %-тік ингредиенттер қосылған немесе қосылмаған, сүзгіден өткізілген сулы-спиртті ерітіндіні адсорбентпен арнайы ұқсатудан алынған спиртті ішімдік;

10) Ликерлі-арақ өнімдері - ректификтелген спирті бар шала фабрикаттарды араластырып дайындалған күштілігі 12-60 %-тік алкогольді ішімдік;

11) Виски - астық дәні ашытқысын айдаумен алынатын және іші қақталған емен күбісінде шикі спиртте ұсталған күшті алкогольді ішімдік;

12) Ром - қант құрағынан алынған спиртті емен күбісінде ұстау жолымен дайындалатын күшті алкогольді ішімдік;

13) Джин - арпа спирті мен можжевела дәнінің хош иісті спиртінен алынатын ликерлі-арақ заты;

14) Сыра - дәнді сыра ашытқысымен божыту жолымен алынатын, көмір тегінің қос қышқылы сіңірілген, жұмсақ алкогольді көбікті ішімдік;

15) Шарап өнімдері - ішімдіктердің мынадай түрлерін қамтитын, жүзімді, жемістер мен жидектерді ұқсатудан алынатын өнімдер:

1) Жүзім шарабы - жүзім ашытқысын спиртте божыту немесе шелдеу нәтижесінде алынатын алкогольді ішімдік. Спирттің көлемдік үлесі кемінде 9%-ті құрауға тиіс;<*>

2) Жеміс-жидек шарабы - жаңа піскен жемістердің қант қосылған шырынын немесе алдын-ала божытылған жеміс езіндісінен алынған қант қосылған шырынды спиртте божыту жолымен дайындалған алкоголді ішімдік;

3) Калвадос - арнайы ұсталған алма спиртінен дайындалған, өзіне тән өңі және

дәмі бар күшті алкогольді ішімдік;

4) Коньяк (бренди) - ГОСТ-і 3741-91, кемінде 3 жыл ұсталған коньяк спиртінен дайындалған, өзіне тән өңі және дәмі бар күшті алкогольді ішімдік.

16) Өндіру - бөліп құю сатысын қоса, этиль спиртін және алкогольді өнімдерді шығару;

17) Сақтау - нормативтік-құқықтық актілерде және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сай келетін арнаулы қойма жайларында алкоголь өнімдерінің және этиль спиртінің сақталуы;

18) Өткізу - сату, алмасу, қайтарымсыз беру мақсатымен алкогольді өнімдерді және этиль спиртін жөнелту, сондай-ақ кепілдендірілген тауарларды кепілдік ұстаушыға тапсыру;

19) Көтерме саудамен өткізу - тауар қоймаларынан жүргізілетін алкогольді өнімдерді шексіз көлемде сату, алмасу, қайтарымсыз беру мақсатымен еркін жөнелту, сондай-ақ сауда алаңдары мен залдарын пайдалануды көздемейтін, оны одан әрі сатуды көздейтін, кепілдендірілген тауарларды кепілдік ұстаушыға тапсыру;

20) Бөлшек сауда - алкоголь өнімін тұтынушыларға бір-бірлеп сату, олардың қайта сатылуы үшін емес;<*>

21) Тауар қоймалары - көлік кіретін жолдары бар және тауарларды сақтау, қабылдау және босату үшін ыңғайланған арнаулы тұрақты ғимараттар.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгертілді - ҚР Алкогольді өнімдерді өндіруге және олардың айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетінің 1998.12.21. N 96 V980762_ бұйрығымен .

### 3. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге, этиль спиртін сақтауға және өткізуге, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауға және көтерме саудамен өткізуге лицензия берудің тәртібі мен қағидалары

6. Өтінішкер Лицензия алу үшін комитетке мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен үлгідегі өтінішті (1-қосымша);

2) заңды тұлғалар үшін - қазақ және орыс тілдеріндегі, бірінші басшының қолымен және Өтінішкердің мөрімен бекітілген, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайтадан тіркеу) туралы куәліктің ксерокөшірмесін;

3) жеке тұлғалар үшін - жеке тұлғаны және кәсіпкерлік іс-әрекетпен айналысу құқығына патентті куәландыратын, нотариалдық расталған құжаттардың ксерокөшірмелерін;

4) Комитетпен келісілген нысан бойынша (түпнұсқа) лицензиялар алудың мүмкіндіктері туралы (іс-әрекеттің әрбір түрі бойынша) стандарттау және метрология, санитарлық және экологиялық қадағалау органдарының тұжырымдамаларын;

5) этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіру, этиль спиртін сақтау және өткізу, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме саудамен өткізу үшін қойылатын біліктілік деңгейі мен талаптарға Өтінішкердің сай келетінін растайтын құжатты;

6) лицензиялық алымды Өтінішкердің төлегенін растайтын құжаттардың ксерокөшірмелерін.

7. Құжаттар жедел тігілімге жинақталған қағаздарға арналған папкада, жолдама хатпен қоса (2-қосымша) тапсырылады.

**4. Зерттеу**

8. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіру, этиль спиртін сақтау және өткізу, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме саудамен өткізу үшін қойылатын біліктілік деңгейі мен талаптарға Өтінішкердің сай келетінін растайтын құжат нысан бойынша кәсіпорын беретін, Комитет бекіткен тиісті Акт болып табылады.

9. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіру, этиль спиртін сақтау және өткізу, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме саудамен өткізу үшін қойылатын біліктілік деңгейі мен талаптарға сай келетіні туралы Актіні алу үшін Өтінішкерлер Кәсіпорынға мынадай құжаттарды тапсырады:

1) Зерттеу жүргізуге арналған белгіленген үлгідегі Өтінішті (3-қосымша);

2) Нотариалдық расталған жарғының көшірмесін;

3) 2 және 3-қосымшалармен бірге алдыңғы қаржылық жыл үшін бухгалтерлік балансты;

4) Осы қағидалардың 6-тармағының 2) және 3) тармақшаларында аталған, Өтінішкердің бірінші басшысының мөрімен және қолымен расталған құжаттардың көшірмелерін;

5) Лицензиат - кәсіпорынның паспортын (4-қосымша);

6) Салық Комитеті белгілеген нысан (түпнұсқа) бойынша салық төлеуші ретінде тіркелгені туралы және салық және бюджетке төленетін басқа да салықтар бойынша борышының жоқтысы туралы Салық Комитеті органының анықтамасын;

7) Комитетпен келісілген нысан (түпнұсқа) бойынша Өтінішкердің өртке қарсы талаптарға сай келетіндігі туралы өртті қадағалау органдарының тұжырымдамасын;

8) Аумақтық стандарттау және метрология органымен келісілген, Өтініштердің бірінші басшысының мөрімен және қолымен расталған өлшеу

құралдарын тексеру кестесінің көшірмесін;

9) Өнімдерді сынау түрлерінің номенклатурасымен жүргізілген лаборатория аттестациясының, бірінші басшының қолымен және Өтінішкердің мөрімен расталған куәлігінің көшірмесін;

10) Өнімдердің сәйкестік сертификаттарының көшірмелері - жұмыс істеп тұрған өндірістер үшін;

11) Өндіріске және шикізат пен дайын өнімнің сапасын бақылауға қойылатын талаптарды межелейтін нормативтік құжаттардың тізбесін;

12) Шағын сыра зауыттары үшін, сондай-ақ тек алкогольді өнімдерді сақтауды және көтерме саудамен өткізуді ғана жүзеге асыратын Өтінішкерлер - шикізаттарды, қосалқы материалдарды кірерде тексеруді, өндірістің сатылары бойынша және дайын өнімдерді технологиялық бақылауды жүзеге асыруға өкілетті органмен жасалған шартты;<*>

13) Технологиялық және қосалқы жабдықтардың сертификаттарын (5-қосымша);

14) Тапсырылған құжаттардың қолданылып жүрген заңдарға сәйкестігін, мәлімделген іс-әрекет түрлерін жүзеге асырудың мүмкіндігін, мәлімделген іс-әрекет саласындағы кемінде бір жылдық жұмыс тәжірибесін, төлем қабілеттілігін және алдыңғы қаржылық жыл үшін нәтижелер туралы есепті растайтын құжаттарды.

ЕСКЕРТУ. 9-тармақ өзгертілді - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

10. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіру, этиль спиртін сақтау және өткізу, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме саудамен өткізу үшін қойылатын біліктілік деңгейі мен талаптарға сай келетіні туралы Актіні алу үшін Өтінішкерлер осы қағидалардың 9-тармағының 1-4, 6, 7, 9, (немесе 12), 10, 14 тармақшаларында көрсетілген құжаттарды тапсырады.

11. Осы қағидалардың 9 және 10-тармақтарында аталған құжаттар толық тапсырылмаған жағдайда, Кәсіпорын оларды қабылдамауға құқықты.

12. Тапсырылған құжаттарда баяндалған ақпараттың растығы үшін жауапкершілікті Өтінішкер көтереді.

13. Комитетке тапсырылатын құжаттардың ескіру мерзімі өтінішті тапсыру уақытына дейінгі 3 айдан аспауға тиісті.

14. Құжаттарды қабылдаған соң кәсіпорын Өтінішкермен зерттеуге шарт жасасады және Өтінішкерді зерттеулердің Кестесіне қосады.

15. Кесте әрбір ай үшін жасалады.

16. Зерттеудің кестесін Кәсіпорын әрбір айдың 25-інен кешіктірмей Комитетке бекітуге тапсырады.

17. Комитеттің Төрағасы зерттеулердің кестесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқықты.

18. Кәсіпорын зерттеудің басталатын уақытына дейін кемінде бес күнтізбелік күн бұрын зерттеуді өткізудің мерзімдері туралы Өтінішкерді хабардар етуге міндетті.

19. Өтінішкерлерді зерттеуді, бекітілген Кестеге сәйкес, Кәсіпорынның зерттеу жөніндегі комиссиясы жүргізеді.

20. Кәсіпорынның зерттеулер жөніндегі комиссиясын кәсіпорынның Бас директоры тағайындайды. Комиссияның сан және адам құрамын Кәсіпорынның Бас директоры әрбір зерттеуге өз бетімен белгілейді.

21. Зерттеу Кәсіпорын Комиссиясының өтінішкердің өндірісіне баруы арқылы жүргізіледі. Зерттеу осы Қағидалардың негізінде және сәйкес жүргізіледі.

22. Өтінішкерлерді этил спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге лицензия алуға зерттеген кезде, Кәсіпорын этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге, этиль спиртін сақтауға және өткізуге, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауға және көтерме саудамен өткізуге лицензия алу үшін қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестік жөнінде зерттеу жүргізуге міндетті, оның нәтижелері осы Қағидалардың 25-тармағында айтылған Актіде көрсетіледі.

23. Комиссия мыналарды зерттеуге міндетті:

1) өндірістің технологиялық схемасын: Өтінішкердің технологиялық цехын және учаскелерін - технологиялық регламенттердің талаптарына, алкогольді өнімдердің жекелеген түрлерін өндірудің және технологиялық нұсқаулықтардың негізгі қағидаларына: Арақты және ликерлі-арақ өнімдерін өндіруге арналған ТР 10-04-03-09-88 өндірістік технологиялық регламентіне, Жүзім шараптарын өндірудің негізгі ережелеріне, Коньяктарды өндірудің негізгі ережелеріне, Жеміс-жидек шараптарын өндірудің негізгі ережелеріне, Ашытқы мен сыра өндіру жөніндегі ТН-18-6-47-85 технологиялық нұсқаулығына, Крахмалды шикізаттан спирт өндіру жөніндегі регламентке, 1-бөлім, этил спиртін өндірудің технологиялық регламентіне және мелласты-спиртті бозаның сығымдалған ашытқыларының технологиялық регламентіне, 1-бөлім Ашу, шикізаттың тамақтық түрлерінен алынған ректификтелген спиртті өндіруге арналған технологиялық регламентке (2-бөлім, Бозаректификация, крахмалы бар және қанты бар), 2-бөлім, Бозаректификация, шикізаттың тамақтық түрлерінен алынатын спиртті өндіруге арналған технологиялық регламентке толықтыру сәйкестігі жөнінде;<*>

2) лизенцияланатын қызметтің мәлімделген түріне арналған негізгі өндірістің жетекші технологиялық жабдығының өндірістік қуатының болуы:<*>

Ликер-арақ өндірісі бойынша:

Ликер-арақ өндірісінің өндірістік қуаты декалитрде өлшенеді және негізгі

өндірістің жетекші технологиялық жабдығының өнімділігі бойынша есептеледі.

Жетекші технологиялық жабдық болып:

а) Тазалау цехында - көмір-тазалау батареялары;

б) ликер цехында - шомылдыру-сүзгі аппаратуралары саналады.

Жетекші жабдықтың жұмысын қамтамасыз ететін барлық қалған жабдықтар қосалқылар ретінде танылады.

Ликер-арақ зауытының өндірістік қуаты негізгі ликер және арақ цехтарының жиынтық қуаты бойынша есептеледі. Негізгі өндірістің қосалқы буындарының өткізу қабілеті міндетті түрде жетекші жабдықтың қуатына сайма-сай (үйлесімді) болуы тиіс.

Арақ және ликер-арақ бұйымдарын өндіру жөніндегі технологиялық учаскелердің жылдық өндірістік қуаты осы учаскелердің жетекші жабдығының тәуліктік өнімділігін бір жылдағы 287 толық жұмыс күнінің санына (тазалау және ликер цехтарының тәулігіне үш ауысымдық кезінде) көбейту жолымен айқындалады.

Жуу-құю цехының өндірістік қуаты жабдық жұмысының мынадай күндер мен жылдағы жұмыс күндерінің санында екі ауысымдық жұмыс режимін негізге ала отырып айқындалады: бес күндік жұмыс аптасы мен 8 сағаттық жұмыс ауысымы кезінде 242 күн, алты күндік жұмыс аптасы мен 7 сағаттық жұмыс ауысымында 287 күн.

Спирт өндірісі бойынша:

Спирт кәсіпорнының тәуліктік өндірістік қуаты жоғары тазаланған сусыз спирттің мың декалитрінде шартты спирт-шикізат өндіру бойынша айқындалады;

Спирт кәсіпорындарының жұмыс режимі - үздіксіз, үш ауысымды.

Бозаректификациялық қондырғылармен жарақталған зауыттардағы шартты спирт-шикізат спиртті өнімдерде: ректификацияланған спиртте, этил спиртінің бас фракциясында, мұның үстіне қондырғылардың осы түрі үшін белгіленген нормативтер бойынша шығындарда жасалған сусыз спирттің жиынтығы ретінде айқындалады.

Спирт кәсіпорнының жылдық өндірістік қуаты жыл ішіндегі толық жұмыс күндерінің санына тәуліктік қуаттың өндірісі ретінде айқындалады, оған мыналар қабылданады:

суық сумен қамтамасыз етілген немесе тоңазытқыш қондырғысы, пневматикалық солодовнясы бар не қанттандыратын ферментті препараттар цехы бар крахмалды шикізатты өңдейтін спирт кәсіпорындары үшін - 305 күн; 1000 декалитр спиртке кемінде 350 текше метр артезиан суы бар крахмалды шикізатты өңдеуші кәсіпорындар суық сумен қамтамасыз етілген деп саналады ( технологиялық мұқтаждарға пайдаланылатын су есепке алынады);

құрамында нан пісіру ашытқыларын алу үшін бозадан қант мицеттерін бөліп шығару цехтары немесе бардта азықтық ашытқылар жасау цехтары бар крахмалды шикізатты өңдейтін спирт кәсіпорындары үшін - 275 күн;
қанты бар шикізат өңдейтін қалған зауыттар үшін - 300 күн.

Тамақтық спирт шығаратын (шартты спирт-шикізат және ректификтелген спирт) спирт зауыттарының өндірістік қуаттары спирт шығаруда шешуші маңызы бар солодовня, пісіру, ашыту, аппараттық секілді жетекші учаскелердің қуаты бойынша белгіленеді. Спирт өндірісінің қалған буындарының өткізу қабілеті (өнімділігі), сондай-ақ жетекші учаскелердің ішіндегі жабдықтар жетекші учаскелердің қуатына сайма-сай (үйлесімді) болуы тиіс.

Бастапқы шарап жасау зауытының өндірістік қуаты бұл ретте алынатын шарап материалдарын орналастыруға арналған өндірістік ыдыстардың бір жолғы сиымдылығы бойынша маусымда жүзімді тоннада өңдеумен айқындалады.

Маусымда жүзімді өңдеу жөніндегі зауыттың өндірістік қуаты кәсіпорынның бөлек жабдықтан сериялық шығаратын және құрастыратын жүзімді өңдеу желілерінің техникалық өнімділігі бойынша айқындалады.

Өнімнің бірнеше түрі өндірілетін (жүзім шарабы, коньяк, шампан) шарап шығаратын кәсіпорынның өндірістік қуаты өнімнің әрбір түрі бойынша айқындалады, біртектес түрлері бойынша жиынтықталады.

Қайталама шарап ісі кәсіпорындарының өндірістік қуаты жетекші цехтың - шарап материалдарын сақтау мен өңдеу цехының қуаты бойынша белгіленеді және бір жылға мың декалитрде айқындалады.

Зауыттың өндірістік қуаты ыдыстың айналымдық коэффициенті ескеріле отырып шарап материалдары мен шараптарды бір жолғы сақтаудың көлемі бойынша айқындалады. Бір жолғы сақтаудың сиымдылығы барлық өндірістік сиымдылықтардың жиынтығы ретінде айқындалады. Бұл ретте шомылдыру сиымдылықтары мен шараптарды термикалық өңдеуге арналған сиымдылықтар 0,7 түзетпе коэффициентімен есепке кіреді. Ашық аландардағы шараптарға арналған стационарлық сиымдылықтар қуатты айқындау кезінде есепке алынады , бірақ жеке тұрғыда бөлініп көрсетіледі.

Шарапты шыны ыдысқа құю жөніндегі қайталама шарап ісі зауытының өндірістік қуаты құю желілерінің өнімділігі бойынша ғана айқындалады, өйткені аталмыш зауыттардағы бір жолғы сақтау сиымдылығы шарап материалдарын жасау жөніндегі қуат есебінде ескеріледі.

Коньяктік шарап материалдарын тазарту, коньяктік спирттерді ұстау және коньяктарды дайындау жөніндегі кәсіпорындардың өндірістік қуаты спирт қуу маусымында айдау аппараттарында өндірілетін коньяктік спирттің мөлшерімен, өндірістік үй-жайларда коньяктік спиртті ұстау мен коньяк дайындау үшін орнатылған сиымдылықтардың болуымен айқындалады. Жұмыстың тәулік бойы

режимі кезінде коньяктік шарап материалдарын тазалау аппараттары үшін жұмыс уақытының жылдық қоры - 180 тәулік.

Шампан шараптары зауытының өндірістік қуаты бір жыл ішінде 0,8 сиымдылықтағы шөлмектерде шығарылатын шампанның санымен айқындалады.

Шампан шараптарын (көпіршімелі) үздіксіз тәсілмен шығаратын кәсіпорындардың қуаты жұмыс уақытының 340 тәулік жылдық қоры кезінде ашыту аппараттары мен биогенераторлардың сиымдылығы бойынша айқындалады.

Шампан (көпіршімелі) шараптарын шөлмектік тәсілмен шығаратын кәсіпорынның қуаты олардың айналымдық коэффициенті ескеріле отырып таралымды ұстау мен ремюар үшін үй-жайлардың алаңдары бойынша айқындалады және миллион шөлмекте есептеледі.

Шампанды резервуарлық тәсілмен шығаратын шампан шараптары зауытының өндірістік қуаты шығынды, қалдықтар мен айналымдылық коэффициентін ескере отырып ашыту резервуарларының (акротофорлардың) жиынтық пайдалы сиымдылығы бойынша айқындалады; бір жылдағы жұмыс күндері - 365.

3) Міндетті жарақтау:<*>

жасалатын этил спирті мен этил спиртінің бас фракциясын есепке алу үшін спирт өлшейтін аппараттар мен спирт өндірісін;

есепке алудың бақылаулық приборларымен алкогольді өнімді өндіру бойынша (сырадан басқа) технологиялық желілерді;

алкогольді өнімнің (сырадан басқа) көлемдік шығысын өлшеу және тіркеуге арналған приборлармен;

шөлмекке құйылған өнімді даналап есепке алу приборларымен (сырадан басқа);

4) нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес этил спирті мен алкогольді өнімді (сырадан басқа) сақтау жағдайларының болуы;<*>

5) өндірістік лабораторияларда қолданылып жүрген стандарттардың талаптарына сәйкес шикізат пен дайын өнімнің технологиялық процесі мен сапасына техно-химиялық бақылау ұйымдастыруды қамтамасыз ететін қажетті құжаттамамен, приборлармен, реактивтермен, химиялық ыдыспен жарақтау;<*>

6) Өтінішкердің таразылық және өлшегіш шаруашылығының болуын және жағдайын;

7) Лицензияланатын іс-әрекет түрлеріне арналған өндірістің инженерлік қамтамасыз етілуін - сумен, бумен, электр қуатымен, жылу қуатымен және суықпен.

ЕСКЕРТУ. 23-тармақ өзгертілді, 2)-5) тармақшалар жаңа редакцияда - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналына мемлекеттік бақылау жасау

жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

24. Өндіріспен танысқан соң Комиссия кәсіпорын іс-әрекетінің материалдарын, сондай-ақ Актіні жасау үшін Өтінішкер қосымша берген, кейіннен Актіге қоса тіркелетін құжаттарды зерделейді.

25. Жүргізілген зерттеудің нәтижелері бойынша Кәсіпорын Комиссиясы Өтінішкердің біліктілік деңгейі мен талаптарға сәйкестігі туралы Акт жасайды.

26. Актіде осы Қағидалардың 72-75 тармақтарында қарастырылған талаптардың әрқайсысына Өтінішкердің сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы есеп міндетті түрде болуға тиіс.

27. Актіге комиссияның барлық мүшелері, Өтінішкердің бірінші басшысы қол қояды және Бас директордың немесе (ол болмаған жағдайда) оның орынбасары бекітеді және Өтінішкер мөрімен растайды.

28. Акт төрт данада - Комитет, Өтінішкер, "ҚазАлко" Қазақстан спирт және алкоголь өнімдерін өндірушілер ассоциациясы және Кәсіпорын үшін - бір-бірден жасалады.

29. Акт осы Қағидалардың 9-тармағының 2-14 тармақшаларына сәйкес өткізілген құжаттармен бірге зерттеу жүргізілген уақыттан бастап 20 күннен кешіктірмей Өтінішкерге табыс етіледі.

30. Зерттеу, лицензиялық ережелердің сақталуын бақылау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге байланысты барлық шығындарды, зерттеудің нәтижелеріне қарамастан, Өтінішкер төлейді.

**5. Өтініштерді қарау және лицензияларды беру**

31. Лицензиарға түскен өтініш пен тапсырылған құжаттар Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге, импорттауға, сақтауға және өткізуге бақылау жасау және лицензия беру басқармасына келісуге беріледі.

32. Өткізілген құжаттардың материалдары бойынша Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге, импорттауға, сақтауға және өткізуге бақылау жасау және лицензия беру басқармасы лицензия берудің мүмкіндігі не лицензия беруден себебімен бас тарту туралы қорытынды шығарады.

33. Қорытындыны Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге, импорттауға, сақтауға және өткізуге бақылау жасау және лицензия беру басқармасының бастығы лицензиялар беру жөніндегі Комиссияның қарауына ұсынады.

34. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге лицензия беру жөніндегі комиссия төраға және бес мүшеден тұрады. Комиссияның төрағасын Комитеттің Төрағасы тағайындайды. Комиссия мүшелерінің құрамына Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық Комитетінің және "ҚазАлко" Қазақстан этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндірушілер ассоциациясының бір-бір өкілі және Комитеттің Төрағасы тағайындайтын,

Комитеттің үш мүшесі кіреді.

35. Алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтау және көтерме саудамен өткізу, этиль спиртін сақтау және өткізу құқығына лицензия беру жөніндегі комиссия Комитеттің Төрағасы тағайындайтын, Комитет қызметкерлері ішінен бес мүшеден тұрады.

36. Комиссиялардың мәжілістері аптасына бір рет өткізіліп тұрады. Комиссиялар мәжілістерінің өткізілетін орыны мен уақытын Комитеттің Төрағасы белгілейді.

37. Лицензия беруден бас тарту туралы шешімді Комиссиялар қарапайым көпшілік дауыспен қабылдайды. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

38. Бір немесе бірнеше мүшесі жоқ болған жағдайда Комиссия кемінде үш мүшесінің қатысуымен, Комиссияның Төрағасын қоса, шешім қабылдауға құқықты.

39. Қабылданған шешімге келіспеген Комиссияның мүшесі мәжілістің хаттамасына қол қоюға және өзінің ерекше пікірін оған қоса беруге міндетті.

40. Лицензияларды беруге дайындауды беруді және берілген, тоқтатылған және жойылған лицензиялардың Мемлекеттік тізілімін жүргізуді Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруге, импорттауға сақтауға және өткізуге бақылау жасау және лицензия беру жөніндегі басқарма жүзеге асырады.

41. Лицензияға Комитеттің Төрағасы немесе (ол болмаған жағдайда) оның орынбасары қол қояды.

42. Лицензия қызмет куәлігін көрсеткен жағдайда Өтінішкердің бірінші басшысына немесе лайықты дәреже расталған сенімхатты берген жағдайда оның өкілетті өкіліне беріледі.

43. Іс-әрекеттің әрбір мынадай түрлеріне лицензия беріледі:

1) этиль спиртін өндіру;

2) алкогольді өнімдерді өндіру;

3) этиль спиртін сақтау және өткізу;

4) алкогольді өнімдерді сақтау және көтерме саудамен өткізу (сырадан басқа);

5) этиль спиртін өткізу;

6) алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) көтерме саудамен өткізу.

44. Алкогольді өнімдерді өндіру жөніндегі іс-әрекет түрлерінің атаулары лицензияланатын өнімнің номенклатурасына сәйкес редакциядағы лицензияға жазылады:

1) арақтарды және айрықша арақтарды өндіру;

2) ликерлі-арақ өнімдерін өндіру;

3) сыра өндіру;

4) коньяктар (бренди) өндіру;

5) шараптар өндіру (өнімнің әрбір түрі бойынша).

45. Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруші ұйымдар өндіруге лицензия алумен бірге этиль спиртін сақтауға және өткізуге және (немесе) алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауға және көтерме саудамен өткізуге лицензия алуға міндетті.

46. Этиль спиртін және (немесе) алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) көтерме саудамен өткізуге лицензия беруге, аталған өнімдерді сақтау сатысы көзделмесе (көтерме саудамен өткізу операцияларындағы делдалдық сауда әрекеті), осы Қағидалардың 74-тармағында аталған ғимараттардың, техникалық және метрологиялық қамтамасыз етудің тиісті құрамы болмаса да рұқсат етіледі.

47. Лицензия қажетті құжаттарының бәрі бар өтініш алынған күннен кейін отыз күнтізбелік күннен кешіктірмей беріледі.

## 6. Лицензия беруден бас тарту

48. Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар 1995 ж. 17 сәуірдегі N 2200 Z952200_ "Лицензиялау туралы" Жарлығының 19-бабында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 ж. 31 шілдедегі N 1195 P971195_ қаулысымен бекітілген, "Этиль спиртін және алкогольді өнімдерді өндіруді, этиль спиртін сақтауды және өткізуді, алкогольді өнімдерді (сырадан басқа) сақтауды және көтерме саудамен өткізуді лицензиялаудың Тәртібі мен ережелерінің" 22-тармағында көрсетілген негіздер бойынша лицензия берілмейді.

49. Лицензия беруден бас тартылған кезде Өтінішкерге жазбаша түрде себебі көрсетілген жауап қол қойылып беріледі немесе лицензияны беру үшін белгіленген мерзімдер почта арқылы жіберіледі.

## 7. Лицензиялық қызметті бақылау

50. Мемлекеттік лицензияның әрекеті кезінде Комитет лицензиаттың біліктілік талаптарын және осы қағидаларды сақтауына бақылау жасауға құқықты.

51. Біліктілік талаптарының және осы қағидалардың сақталуын бақылау мыналарды қамтиды:

1) іс-әрекеттің лицензияланатын іс-әрекеттің аталған түріне қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеру;

2) лицензиаттың іс-әрекеттің лицензияда көрсетілген түрлерімен айналысатынын тексеру;<*>

3) этиль спиртін және алкогольді өнімдердің айналысын есепке алудың жағдайын тексеру және оның қойылатын талаптарға сәйкестігін растау.

ЕСКЕРТУ. 51-тармақ өзгертілді - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

52. Бақылау лицензиардың бастамасымен, ол бекіткен, лицензиялау

субъектілерін тексерудің кезекті мерзімдеріне сай келуге тиісті жұмыстардың күнтізбелік жоспары бойынша жүргізіледі.

53. Тәртіп бұзулар туралы ақпарат түскен жағдайда кезектен тыс тексерулер жүргізілуі мүмкін.

54. Тексерулердің нәтижелері Актімен рәсімделеді, оның нысанын Комитет бекітеді.

## 8. Лицензияның әрекетін тежеу, тоқтату және оны қайтарып алу

55. Лицензиар мынадай жағдайларда алты айға дейінгі мерзімге лицензияның әрекетін тежеуге құқықты:

- лицензиаттың қызметтің лицензияланатын түрін регламенттейтін осы қағидаларды және өзге де нормативтік құқықтық актілерді сақтауы кезінде;<*>
- этил спирті мен алкогольді өнімнің өндірісі мен айналымының көлемін мәлімдеудің белгіленген тәртібі бұзылуы кезінде;<*>
- лицензиат тексерулер жолымен берілген лицензия әрекеті кезеңінде біліктілік талаптарын бұзған кезде;
- лицензиарға мәліметтерді беруден бас тартқанда немесе дұрыс емес ақпарат берілсе;
- лицензиат лицензияда жазылған талаптарды орындамаса, салық төлемдері ұдайы төленбесе;
- Қазақстан Республикасының қолданылып келген заңдары бұзылса.

ЕСКЕРТУ. 55-тармақ екінші және үшінші азатжолдармен толықтырылды - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

56. Лицензиар лицензияның әрекеті тоқтатылатыны туралы мәселе қаралатын күн мен орын туралы лицензиатқа қол қойдырып немесе почта арқылы ( куәландырып) хабар береді.

57. Екінші рет жазбаша шақырылғаннан кейін лицензиат келмеген жағдайда, лицензияның әрекетін тоқтату туралы шешімді Комитет қабылдайды.

ЕСКЕРТУ. 57-тармақ екінші азатжолы алынып тасталды - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

58. Лицензияның әрекеті тоқтатылған кезде лицензиар тоқтатудың себептерін көрсете отырып, лицензиатқа хабарлама тапсырады және қабылданған шешім туралы лицензиаттың тұрған орны бойынша Салық Комитетіне және Салық полициясы Комитетіне хабар береді.

Лицензияның әрекеті тоқтатылуына соқтырған себептер жойылғаннан кейін, лицензия жаңартылады, бұл туралы лицензиатқа жазбаша түрде қол қойдырылып , не почта арқылы хабарланады. Лицензияның әрекетін жаңарту туралы шешім

тексеру (зерттеу) жүргізілгеннен кейін қабылданады.

59. Берілген лицензияның әрекеті мынадай жағдайларда тоқтатылады:

- лицензия берілген мерзім біткенде;

- лицензия жүзеге асырылу үшін берілген іс-әрекеттер толық көлемінде жасалғанда;

- лицензия қайтарып алынғанда;

- жеке тұлға кәсіпкерлік әрекетін тоқтатқанда, заңды тұлға қайтадан құрылғанда немесе жойылғанда.

Лицензияның әрекетін тоқтатуға байланысты дауларды соттар шешеді.

60. Лицензия, егер заң актілерінде өзгеше қарастырылмаса, мынадай жағдайларда сот арқылы қайтарып алынуы мүмкін:

- лицензияда жазылған талаптарды лицензиат орындамаса;

- лицензияның әрекетін тоқтатуға соқтырған себептер бір айлық мерзімде түзетілмесе;

- лицензия жүзеге асыруға берілген әрекеттің түрі мен шұғылдануға сот лицензиатқа тиым салса.

61. Заңды тұлға қайтадан ұйымдастырылған (қосылған, жалғастырылған, бөлінген, бөлшектелген, қайтадан құрылған), Өтінішкердің атауы өзгертілген, өндіріс басқа жаққа көшірілген кезде бұрын берілген лицензия жойылады және жаңа тұлғаға беріледі. Бұл орайда жаңа заңды тұлғаның құжаттарына сараптама жүргізіледі немесе ол басқа жаққа көшірілген кезде өндіріске зерттеу жасалады. Жаңа тұлғаға лицензия жойылған лицензияның әрекет ететін уақытынан аспайтын мерзімге беріледі.

**9. Лицензиялық алым**

62. Лицензиялық алымды төлеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

**10. Жалпы лицензиялық қағидалар**

63. Лицензиаттар Комитет белгілеген тәртіппен (6-9 қосымшалар) өнімнің көлемін, этиль спирті мен алкогольді өнімдердің айналысын мәлімдеп отыруға міндетті.<*>

ЕСКЕРТУ. 63-тармақ өзгертілді - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

64. Лицензиаттар этиль спирті мен алкогольді өнімді тек лицензияда көрсетілген тексерілген қоймаларда ғана сақтауды жүзеге асыруға құқылы.<*>

ЕСКЕРТУ. 64-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Алкогольді өнімдердің өндірісіне және айналысына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі Комитет Төрағасының 1998.08.07. N 20 V980605_ бұйрығымен .

65. Лицензия лицензиаттың құқықтарын заң жүзінде белгілейді және басқа

